

## Райымбек ауданының "Құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 шілдедегі № 291 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 20 тамызда № 3350 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 282 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 28.09.2016 № 282 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 18-бабының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Райымбек ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Райымбек ауданының "Құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Райымбек ауданының "Құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Тілепбердиев Мұрат Алқожаұлына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудан әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Тақабаев Олжас Маратұлына жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Тажиев

Райымбек ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 шілдедегі № 291 қаулысымен бекітілген қосымша

## **Райымбек ауданының "Құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Райымбек ауданының "Құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) құрылыш саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
  2. Бөлімнің ведомстволары жоқ.
  3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
  4. Бөлім мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
  5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
  6. Бөлімге егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
  7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды
  8. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
  9. Занды тұлғаның орналасқан жері: индекс 041400, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Райымбек ауданы, Кеген ауылы, Б. Момышұлы көшесі, № 9.
  10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Райымбек ауданының "Құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесі".
  11. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.
  12. Бөлімнің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.
  13. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.
- Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер экелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. Бөлімнің миссиясы: Райымбек ауданының аумағында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік құрылыш саясатын жүргізу.

15. Міндеттері:

1) тұрғын үй құрылышы бойынша бюджеттік бағдарламаларға сәйкес аудандық объектілерді салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу бойынша жылдық және перспективтік бағдарламаларды әзірлеу;

2) инженерлік инфрақұрылым объектілерін салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген өзге де міндеттер.

16. Функциялары:

1) мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруды қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік сатып алуды (жергілікті бюджет қаржысы есебінен немесе оның қатысуымен орындалатын объектілерді жобалау, салу, реконструкциялау, күрделі жөндеу) іске асыруды қамтамасыз ету;

3) жергілікті бюджет, облыстық бюджеттің трансфертері есебінен салынатын объектілер құрылышының барысына, реконструкциялануына бақылауды жүзеге асыру;

4) құрылыштарды, үйлерді, ғимараттарды, инженерлік және көлік коммуникацияларын салу (кеңейту, техникамен қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу) туралы, сондай-ақ аумақты инженерлік жағынан дайындау, абастандыру мен көгалдандыру, құрылышты (объектіні) консервациялау, жергілікті маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөнінде жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдер қабылдау;

5) қабылдау комиссияларымен объектілерді пайдалануға қабылдауды ұйымдастыру және оларға қатысу;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелерді шешу бойынша аудан әкімінің және аудандық мәслихаттың қарауына ұсыныстар енгізу;

2) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметіне қажетті ақпаратты заңнамада белгіленген тәртіппен сұрату және алу;

3) жедел басқару құқығындағы мүліктерді пайдалануды жүзеге асыру;

- 4) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарау;
- 5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

18. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшысы жүзеге асырады.

19. Бөлімнің бірінші басшысын Райымбек ауданының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Бөлім қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін өз құзыреті шегінде айқындауды;

2) Бөлім қызметкерлерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындауды және босатады;

3) Бөлім қызметкерлерін заңнамада белгіленген тәртіппен ынталандырады және тәртіптік жазалар қолданады;

4) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

5) мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда өз құзыреті шегінде Бөлімнің мүддесін білдіреді;

6) Бөлімде сыйайлар жемқорлыққа қарсы әрекет етеді, сол үшін жеке жауапкершілік алуды белгілейді;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып

алынған мүлікті өз бетімен иелікten шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК